



Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді басылым өнімдерін сату тәртібін мен Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімшілігінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 346 қаулысы. Қызылорда облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 04 наурызда N 3136 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімшілігінің 2010 жылғы 04 ақпандағы N 784 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімшілігінің 2010.02.04 N 784 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 23 қаңтар 2001 жылғы N 148-II санды " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 37 бабының 1, 2 тармағына, 23 шілде 1999 жылғы N 451-I санды "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 14 бабының 2 тармағына және эротикалық сипаттағы өнімдерді сату жөніндегі сауда нүктелердің қызметін ретке келтіру мақсатында аудан әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан аумағында эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді басылым өнімдерін бөлшек саудада сату ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін .

2. Осы ережеге сәйкес кент, ауыл округтері әкімдері эротикалық сипаттағы материалдарды жариялаушы мерзімді басылым өнімдерін сатуға арналған арнайы тұрақты орындар белгілесін.

3. Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмыстар және ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімдері аудан әкімі жанынан эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын басылым өнімдерін сату тәртібін бақылайтын комиссия құрамын жасақтап және комиссия туралы ережені бір ай мерзім ішінде дайындап, бекітуге ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Ғ.Әкімтаевқа** жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м і я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 а қ п а н д а ғ ы
N 346 қаулысына қосымша

Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді басылым өнімдерін бөлшек сауда сату ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 23 шілде 1999 жылғы N 451-І " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 14 бабының 2 тармағының негізінде әзірленді.

1. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді басылым өнімдері бөлшек саудада тек қана айқын көрініп тұратын жабық орамының ішінде және жергілікті атқару органдары арнайы бөлген тұрақты үй-жайларда ғана сатылуы тиіс.

2. Аталған басылым өнімдерін:

- 1) 18 жасқа толмаған жасөспірімдерге;
- 2) бала бақшалары мен оқу орындарының маңынан 50 метр аумақта;
- 3) мәдениет, денсаулық сақтау, білім сондай-ақ сәулет пен тарихи ескерткіштер және басқа да мемлекеттік мекемелер маңында;
- 4) қоғамдық көлікте, аялдамаларда, көпшілік демалатын орындарда сатуға тиым салынады.

3. Осы Ереженің талаптары эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын барлық мерзімді басылымдарға, сонымен бірге жақын және алыс шет елдерден әкелінетін басылымдарға да қолданылады.